

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні 18.04.2025 ж.
	Жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша докторанттарды аттестаттау туралы ереже	СІҚЖ Редакция 3

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН-АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТІЛДІ»
ҚАЕУ Ғылыми кеңесінің шешімі,
№ 8 хаттама өт «18» 04 2025 ж.
 Е. Мамбетказиев



**ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ БОЙЫНША
ДОКТОРАНТТАРДЫ АТТЕСТАТТАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Өскемен
2025

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні 18.04.2025 ж.
	Жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша докторанттарды аттестаттау туралы ереже	СІҚЖ Редакция 3

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереже докторанттардың жеке жұмыс жоспарын орындау бойынша аттестациядан өту тәртібіне қатысты жалпы талаптарды белгілейді.

Ереже төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес және солардың негізінде әзірленген:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;

- «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII Заңы;

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 тіркелген;

- «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 8 қаңтарда № 33892 тіркелген;

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметінің Типтік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17657 тіркелген.

2. МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Докторанттың жыл сайынғы аттестациясы жеке жұмыс жоспарының орындалуын бақылау және диссертациялық зерттеудің ілгерілеуін бағалау мақсатында жүргізіледі.

Аттестация Қазақстан-Американдық еркін университетінде (бұдан әрі – ҚАЕУ) докторантура бағдарламалары бойынша білім алатын барлық докторанттар үшін міндетті болып табылады.

Аттестацияның негізгі міндеттері:

- жеке жұмыс жоспарының орындалу деңгейін бағалау;
- ғылыми-зерттеу қызметін талдау;
- жарияланым белсенділігін бағалау;
- диссертациялық зерттеуді орындау барысында туындайтын мәселелер мен тәуекелдерді анықтау;
- оқуды одан әрі жалғастыру туралы шешім қабылдау.

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні 18.04.2025 ж.
	Жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша докторанттарды аттестаттау туралы ереже	СІҚЖ Редакция 3

2. ӨТКІЗУ МЕРЗІМДІЛІГІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

Аттестация академиялық жыл аяқталғаннан кейін жыл сайын өткізіледі (мамыр—маусым; желтоқсан—қаңтар).

Кезектен тыс аттестация ғылыми жетекшінің ұсынуы бойынша, ЖЖОКБҰ басшылығының шешімімен немесе докторанттың өтініші негізінде тағайындалуы мүмкін.

4. АТТЕСТАЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ

Аттестацияны өткізу үшін Аттестациялық комиссия құрылады. Аттестациялық комиссияның құрамы:

- төраға (ҚАЕУ-нің бірінші вице-президенті);
- комиссия мүшелері (ғылыми жұмыс және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жөніндегі проректор, декандар, кафедра меңгерушілері);
- хатшы (жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру менеджері).

Комиссия отырысы оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды деп есептеледі.

5. АТТЕСТАТТАУ РӘСІМІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

1 кезең. Докторанттың құжаттарды дайындауы

Аттестациялық комиссияның отырысынан кемінде 10 жұмыс күні бұрын докторант кафедраға келесі құжаттарды ұсынады:

1. Жеке жоспардың орындалуы туралы есеп (белгіленген форма бойынша).
2. Орындалған іс-шаралар туралы белгілері бар жеке жоспардан үзінді.
3. Жыл бойындағы жарияланымдар мен ғылыми жетістіктер тізімі.
4. Растайтын құжаттар (сертификаттар, анықтамалар, жарияланымдардың көшірмелері, енгізу актілері және т.б.).
5. Диссертацияның аралық материалдары (тарау, тарау бөлігі, мақала және т.б.).

2 кезең. Кафедрада қарастыру

1. Докторант баяндама жасайды (10-15 минут).
2. Нәтижелер, қиындықтар, келесі жылға арналған жоспарлар талқыланады.
3. Кафедра аттестаттау комиссиясына ұсыныс береді.

3 кезең. Аттестаттау комиссиясының отырысы

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні 18.04.2025 ж.
	Жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша докторанттарды аттестаттау туралы ереже	СІҚЖ Редакция 3

1. Докторанттың баяндамасы (10-15 минут).
2. Ғылыми жетекшінің сөзі.
3. Комиссия мүшелерінің сұрақтары.
4. Комиссия қорытындысы.
5. Ашық дауыс беру.

4 кезең. Бағалау критерийлері

Аттестаттау келесі блоктар бойынша жүргізіледі:

Ғылыми-зерттеу жұмысы

- диссертациялық жоспардың орындалу деңгейі;
- зерттеудің логикасы және кезеңдері;
- ғылыми жаңалық.

Жарияланымдық белсенділік:

- жеке жоспарға сәйкес жарияланымдардың болуы;
- конференциялар, семинарлар, форумдарға қатысу.

Академиялық тәртіп:

- жұмыстарды орындау кестесін сақтау;
- академиялық адалдық нормаларын сақтау.

6. АТТЕСТАЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ШЕШІМДЕРІ

Аттестация нәтижесі бойынша келесі шешімдердің бірі қабылданады:

- Аттестаттау және келесі оқу кезеңіне өтуге рұқсат беру;
- Шартты аттестаттау (ескертпелер мен оларды жою мерзімін көрсету арқылы);
- Қайта аттестацияға жіберу;
- Оқудан шығаруға ұсыну.

Комиссияның шешімі хаттама арқылы рәсімделеді және ҚАЕУ-нің Бірінші вице-президенті бекітеді.

7. АПЕЛЛЯЦИЯ ТӘРТІБІ

Докторант Комиссия шешімі жарияланғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде апелляцияға беруге құқылы.

Апелляция ҚАЕУ Бірінші вице-президентінің бұйрығымен құрылған арнайы комиссияда қаралады.

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні 18.04.2025 ж.
	Жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша докторанттарды аттестаттау туралы ереже	СІҚЖ Редакция 3

ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ БОЙЫНША ДОКТОРАНТТАРДЫ АТТЕСТАТТАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Ақпараттық басылым

© Қазақстан-Американдық еркін
университеті, 2025

070018, г. Өскемен қаласы, М. Горький көшесі 76
тел. (7232) 50-50-10, 50-50-15
АҚШ-тағы кеңсе: 44490 SE Phelps Rd., Sandy, OR
e-mail: kafu_ukg@mail.ru
web: www.kafu.kz